

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 ____ жылғы « ____ » _____

№ _____

010000, Астана, Мәжіліс Парламенті

« ____ » _____ 20 ____ года

2025 жылдың 2 сәуірінде жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

Д Е П У Т А Т Т Ы Қ С А У А Л

Құрметті Олжас Абайұлы!

Сізге «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ арқылы форвардтық сатып алу аясында жұмыс істейтін отандық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау тетігін жетілдіру қажеттілігі туралы ұсыныспен жүгініп отырмын. «Ауыл» партиясы фракциясының мүшесі және аграршылардың өкілі ретінде бұл бағыт аграрлық сектордың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ерекше назар аударуды және жақсартуды талап етеді деп санаймын.

Бүгінде фермерлер көктемгі дала жұмыстарын талапқа сай жүргізуге қажет қаржыны Азық-түлік корпорациясынан болашақ күзгі өнім есебінен аванс алу арқылы шешуде. Бұл әрекеттің маңызды кезең мәселесін шешудегі жақсы ойластырылған тәсіл екеніне дау жоқ.

Алайда, бұл жерде фермерлер үшін бір үлкен тәуекел бар. Келісімшарт шарттары фермерлерді барлық жинаған өнімін корпорация қойған бағамен соларға өткізуге міндеттейді!

Жаппай егін жинау кезінде астық бағасының барынша түсетіні баршаға аян. Астықты келісімшарт бойынша азық-түлік корпорациясына тапсыратын фермерлер нарық заңын тиімді пайдалана алмағандықтан айтарлықтай қаржыдан қағылады.

Келісімшарт шарттары фермерлердің мүмкіндіктерін, атап айтқанда өз өнімдерің өздеріне тиімді бағада саудалауын және максималды пайда табуын шектейді. Фермерлердің Азық-түлік корпорациясына тәуелді болуы оларды өсу және айналымға қажет қаржылай пайда табу мүмкіндігінен айырады. Нақтысын айтқанда, фермерлер қаржы үшін корпорацияға тәуелді, тиімсіз келісімшарттарға қол қоюға мәжбүр. Еңбектің бейнет фермер, зейнетін корпорация көріп отыр.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты мен еліміздің аграрлық секторына 90-шы жылдары АҚШ-та қолданылған тәжірибеге ұқсас механизмді енгізу

мүмкіндігін қарастыруды ұсынамын. Ол болашақ өнім есебінен аванс алған фермерлерге нарықта қалған өнімді баға өсетін көктемге дейін өз бетінше тиімді бағамен сату құқығын сақтауға мүмкіндік берді. Ал кредиторға қаражат өніммен емес, фермерлердің төлем қабілетін арттырып, қаржылай тұрақтануына ықпал ететін ақшамен қайтарылады.

Біз, «Ауыл» партиясының өкілдері бұл механизмді енгізу фермерлерді қолдап қана қоймай, Азық-түлік корпорациясының даму институты ретінде күтілген бағытта жұмыс істеуін қамтамасыз ететініне сенімдіміз.

Аталған бастаманы қарастыруды және оны іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдауды сұраймын.

Құрметпен,

**«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары**

А. Баққожаев

Т. Серіков

Ж. Дайрабаев

Қ. Абден

Н. Арсютин

А. Зейнуллин

Е. Саурықов

*Исп.: А.Амангельдина
Тел.: 746416*